



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ
СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

ҚАУЛЫ

2020 ж. 22 қыркүйек

Семей қаласы

АКИМАТ
ГОРОДА СЕМЕЙ
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 1451

г.Семей

Жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі
сауда-саттықты өткізу туралы

ҚОҒАМДЫҚ
ЖАСАУА БОЛМАЙДЫ

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 48-бабын, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 290 бұйрығымен бекітілген Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды), оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын басшылыққа ала отырып, әкімдіктің «Аукционға шығарылатын жер учаскелерінің тізбесін айқындау туралы» 2017 жылғы 13 қазандағы № 1605, «Жалдау құқығын сату үшін аукционға шығарылатын жер учаскелерінің тізбесін айқындау туралы» 2018 жылғы 2 қарашадағы № 2059 қаулыларына, «Жалдау құқығын сату үшін аукционға шығарылатын жер учаскелерінің тізбесін айқындау туралы» 2020 жылғы 13 шілдедегі № 949 қаулыларына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөнінде ағылшын әдісі бойынша аукциондар нысанындағы сауда-саттық қосымшаға сәйкес өткізілсін.
2. Аукционға қатысу үшін кепілдік жарна сомасы: қосымшадағы 8-жолды қоспағанда, әрбір жер учаскесіне елу айлық есептік көрсеткіш;

қосымшадағы 8-жолда көрсетілген жер учаскесіне 174 878 (бір жүз жетпіс төрт мың сегіз жүз жетпіс сегіз) теңге мөлшерінде бекітілсін.

3. «Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Қ. М. Сейілханов) заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
4. Әкімдік қаулысының орындауын бақылау қала әкімінің орынбасары Қ. С. Әділбаевқа жүктелсін.

Қала әкімі

Е. Сәлімов



Сауда-саттықта жалдау құқығын сатуға арналған
жер учаскелерінің тізбесі

Қала әкімдігінің
2020 жылғы «22» қыркүйек
№ 1451 қаулысына
қосымша

№	Сауда-саттық объектісі	Аланы, га	Жер учаскесінің немесе жер учаскесін жалдау құқығының бастапқы (ен төменгі) бағасы, теңге	Ауыл шаруашылығы алқаптары ауыл шаруашылығы өндірісі шығындарының мөлшері, теңге	Ауыл шаруашылығы алып коюмен пайдалану үшін мақсаттарға байланысты емес жүргізуге шаруашылығын	Жер учаскесіне айырпталықтар (шектеулер)	Жер учаскесіне айырпталықтар (шектеулер)
1.	Водный кенті мекенжайындағы көтерме-бөлшек сауда дүкенін салу және қызмет көрсету үшін жер учаскесі	0,0500	138 900	4	6	7	7
2.	Құс фабрикасы ауданы мекенжайындағы жануарларға арналған пананы салу және жер учаскесі	1,0	718 800	5	5 жыл мерзімге жалдау құқығы	5 жыл мерзімге жалдау құқығы	5 жыл мерзімге жалдау құқығы

